«8D04101 – Экономика» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) академиялық дәрежесін алуға ұсынылған Канкулов Маргулан Канатовичтің «Қазақстанның креативті индустриялары ұлттық инновациялық жүйенің толықтырушы факторы ретінде: постиндустриалды инклюзивті даму жағдайындағы дамыту және қолдау тетіктері» тақырыбындағы диссертациясына

АҢДАТПА

Зерттеу тақырыбының өзектілігі.

Постиндустриалды даму моделіне өтуге байланысты әлемдік экономиканың трансформациялануы жағдайында экономикалық өсудің материалдық емес факторларының, ең алдымен, адами, зияткерлік және креативті капиталдың рөлі айтарлықтай артып келеді. Жетекші халықаралық зерттеу орталықтары мен ұйымдары креативті индустрияларды инновациялардың, құрылымдық диверсификацияның арттырудың және орнықты экономикалық дамудың маңызды көзі ретінде қарастырады. Осы парадигма шеңберінде экономиканың тиімділігін арттыруды ғана емес, сонымен бірге қосылған құнды қалыптастыру процестеріне әртүрлі әлеуметтік және жас топтарының қатысуын кеңейтуді көздейтін постиндустриалды инклюзивті өсу тұжырымдамасы айрықша маңызға ие болады.

Қазақстан үшін креативті индустрияларды зерттеудің өзектілігі жаһандық экономиканың объективті трансформацияларымен де, ұлттық дамудың стратегиялық басымдықтарымен де айқындалады. Қазақстан Республикасының Президенті өзінің жыл сайынғы Жолдауларында орнықты әрі инклюзивті экономикалық өсудің негізгі көздері ретінде креативті экономика мен инновациялық трансформацияның маңыздылығын бірнеше рет атап өтті. Мәселен, Мемлекет басшысы Қ.-Ж. Тоқаев 2023 жылғы 1 қыркүйектегі «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты Қазақстан халқына Жолдауында «қазіргі әлемде азаматтардың шығармашылық әлеуеті мен зияткерлік капиталына негізделген «креативті өндіріс» шынайы инклюзивті экономиканы дамытудың көзі болып табылады» деп атап өтті.

Қазақстан үшін креативті индустрияларды дамытудың өзектілігі, сонымен бірге, шикізатқа тәуелділікті еңсеру, ұлттық инновациялық жүйені нығайту және күшейіп келе жатқан жаһандық технологиялық әрі мәдени бәсекелестік жағдайында экономикалық өсудің жаңа нүктелерін қалыптастыру қажеттілігімен де айқындалады. Осыған байланысты креативті индустриялар жаңа нарықтар мен өнімдерді қалыптастыра отырып, инновациялық белсенділікті ынталандыратын және ұлттық инновациялық жүйені (ҰИЖ) комплементарлы түрде толықтыратын экономика элементі ретінде қарастырылуы мүмкін.

Сонымен қатар, стратегилық және бағдарламалық құжаттардың болуына қарамастан, Қазақстандағы креативті индустриялар әлі де дамудың фрагменттілігімен, өңірлік оқшауланудың бірқалыпты еместігімен және ҰИЖ-ге интеграциялану дәрежесінің шектеулілігімен сипатталады. Бұл олардың

инновациялық әрі инклюзивті әлеуетін төмендетеді және олардың жұмыс істеу шарттарына кешенді ғылыми талдау жүргізу қажеттілігін негіздейді.

Креативті және инновациялық әлеуетті шоғырландырудың, желілік өзара әрекеттестікті күшейтудің және өңірлік ресурстарды пайдалану тиімділігін арттырудың механизмі ретінде креативті индустрияларды кластерлеу процестерін зерттеу айрықша өзектілікке ие болады. Қазақстандық жағдайда креативті кластерлердің қалыптасуы этно-тарихи, мәдени-символдық және инновациялық-технологиялық факторлардың жиынтығы әсерінен жүреді, бұл өңірлік бөлініс тепе пәнаралық және элемент бойынша талдау жүргізуді талап етеді.

Зерттеу өзектілігінің қосымша өлшемі постиндустриалды өсудің инклюзивтілігі мәселесі, атап айтқанда, әртүрлі жас топтарының креативті индустриялар саласындағы экономикалық белсенділікке қолжетімділігін кеңейту болып табылады. Креативті секторға тән жұмыспен қамтудың икемді нысандары, цифрлық платформалар және қызметтің жобалық сипаты еңбек нарығының дәстүрлі ядросынан тыс жүрген халық топтарын тартуға алғышарттар жасайды. Дегенмен, Қазақстанның креативті индустрияларын дамыту мен кластерлеудегі жас ерекшелігі инклюзиясының әлеуеті осы уақытқа дейін жеткілікті түрде зерттелмей және институционалды түрде рәсімделмей отыр.

Осылайша, таңдалған тақырыптың өзектілігі жаһандық постиндустриалды трендтердің, Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық дамуының стратегиялық басымдықтарының, сондай-ақ креативті индустрияларды ұлттық инновациялық жүйенің комплементарлы факторы ретінде зерттеудегі едәуір теориялық-әдіснамалық және қолданбалы олқылықтардың болуымен айқындалады. Постиндустриалды инклюзивті өсу контекстінде оларды дамыту және кластерлеу механизмдерін кешенді зерттеу елеулі ғылыми және практикалық әлеуетке ие және экономика ғылымы мен мемлекеттік саясаттың заманауи міндеттеріне жауап береді.

Зерттеу тақырыбының ғылыми зерттелу деңгейі.

Берілген диссертацияның пәндік саласы бойынша бұрынғы ғылыми зерттеулерді шартты түрде креативті экономика, креативті индустриялар, ұлттық инновациялық жүйелер, дамудың кластерлік механизмдері және инклюзивті экономикалық өсу туралы ғылыми түсініктердің эволюциясын көрсететін бір-бірімен байланысты бірнеше блокқа бөлуге болады.

Бірінші блокқа постиндустриалды дамудың, инновациялық динамиканың және экономикалық өсудің материалдық емес факторлары рөлінің теориялық-әдіснамалық негіздеріне арналған іргелі зерттеулер жатады. Й. Шумпетер, П. Друкер, Н. Кондратьев, Г. Беккер өз еңбектерінде инновацияларды, кәсіпкерлікті, адами және зияткерлік капиталды экономикалық дамудың негізгі көздері ретінде талдаудың іргетасын қалады. Бұл жұмыстар постиндустриалды трансформация жағдайында креативтілікті экономикалық ресурс ретінде кейіннен пайымдау үшін әдіснамалық базаны қалыптастырды.

Екінші зерттеу блогы креативті экономика мен креативті индустриялар тұжырымдамасының қалыптасуымен және дамуымен байланысты. Креативті

экономиканы дербес сектор ретінде алғаш рет жүйелеген Дж. Хокинс, өңірлік дамудағы креативті таптың рөлін негіздеген Р. Флорида, сондай-ақ креативті қалалар мен креативті индустрияларды дамытудың аумақтық аспектілерін зерттеген Ч. Лэндри осы бағыттың дамуына айтарлықтай үлес қосты. Бұл блок шеңберінде креативтілік бәсекеге қабілеттілік пен аумақтық өсудің факторы ретінде қарастырылады, дегенмен оның ұлттық инновациялық жүйелерге жүйелі түрде интеграциялануы әлі де толық ашылмаған.

Үшінші ғылыми зерттеу блогы ұлттық инновациялық жүйелерді қалыптастырудың теориясы мен практикасына арналған. Б.-А. Лундвалл, Р. Нельсон, К. Фриманның классикалық еңбектері инновациялық дамуды және мемлекеттің, бизнестің әрі ғылымның институционалдық өзара әрекеттестігін жүйелі талдаудың негізін қалады. Сонымен бірге, бұл үлгілер шеңберінде креативті индустриялар, әдетте, ҰИЖ-нің дербес комплементарлы элементі ретінде бөліп көрсетілмейді, бұл осы зерттеуде орны толтырылатын теориялық-әдіснамалық алшақтықты қалыптастырады.

Төртінші блок инновациялық дамуды кластерлік тәсілмен ұйымдастыруға және кеңістіктік орналастыруға арналған зерттеулерді қамтиды. М. Портер өз еңбектерінде бәсекеге қабілеттілікті арттырудағы және инновациялық әлеуетті шоғырландырудағы кластерлердің рөлін негіздеді. Бұл идеялар кейіннен негізінен дамыған елдер мен ірі қалалық агломерациялар мысалында креативті және мәдени кластерлерді зерттеуде ары қарай дамыды. Дегенмен, қалыптасушы инновациялық жүйелері бар елдерде этно-тарихи, мәдени-символдық және институционалдық факторлардың креативті кластерлерді қалыптастыруға әсері әлі де жеткілікті түрде зерттелмей отыр.

Бесінші ғылыми жұмыстар блогы инклюзивті экономикалық өсу және халықтың әлеуметтік-экономикалық қатысуын кеңейту тұжырымдамасымен байланысты. А. Сен мен Дж. Стиглиц өз зерттеулерінде инклюзивтілікті орнықты дамудың негізгі шарты ретінде қарастырды. Сонымен бірге, ұлттық инновациялық жүйелер шеңберінде инклюзивті өсудің креативті индустрияларды дамытумен және кластерлеумен байланысы осы уақытқа дейін жеткілікті түрде тұжырымдамаланбай келеді.

Отандық ғылыми және талдамалық әдебиеттерде Қазақстандағы креативті экономика мен креативті индустриялар проблематикасы салыстырмалы түрде жақында қалыптаса бастады. Креативті экономика мен креативті индустрияларға тікелей арналған зерттеулер қатарына А.Ж. Жүсіпованың, Г.Б. Өтібаеваның, М.М. Ыдырысовтың, А.Қ. Исатаеваның, Ж.С. Хусаинованың, М.Қ. Асановаың еңбектері жатады, онда креативті индустриялардың экономикалық мәні, олардың институционалдық рәсімделуі, жұмыспен қамтылуы және әлеуметтік-экономикалық әрі өңірлік дамуға қосқан үлесі мәселелері қарастырылады.

Отандық зерттеулердің бөлек бағыты креативті индустрияларды дамытудың өңірлік және қалалық аспектілерін талдаумен, креативті кеңістіктерді және кластерлеу элементтерін қалыптастырумен байланысты. С.И. Өмірбаевтың, Р.М. Жүнісованың, Д. Нұрхалиеваның жұмыстарында креативті индустриялар қалалық экономиканы, кәсіпкерлікті және жұмыспен

қамтудың жаңа нысандарын дамыту факторы ретінде қарастырылады, бұл ретте мәдени-символдық және аумақтық ерекшеліктердің рөлі атап өтіледі.

Сонымен бірге, отандық жарияланымдарды талдау креативті экономика мен креативті индустрияларға тікелей арналған еңбектердің болуына қарамастан, бұл секторды ұлттық инновациялық жүйемен, дамудың кластерлік механизмдерімен және постиндустриалды өсудің инклюзивті аспектілерімен жүйелі байланыста қарастыратын зерттеулердің әлі де шектеулі екенін көрсетеді. Креативті индустриялардың ҰИЖ-нің басқа элементтеріне қатысты комплементарлығы, сондай-ақ олардың халықтың әртүрлі жас топтарының әлеуметтік-экономикалық қатысуын кеңейтудегі рөлі мәселелері жеткілікті түрде зерттелмей отыр.

Осылайша, креативті экономиканың, инновациялық жүйелердің, кластерлік дамудың және инклюзивті өсудің жекелеген аспектілері бойынша шетелдік және отандық ғылыми жарияланымдардың айтарлықтай жиынтығының болуына қарамастан, постиндустриалды инклюзивті өсу жағдайында Қазақстанның креативті индустрияларын ұлттық инновациялық жүйенің комплементарлы факторы ретінде кешенді зерттеу осы уақытқа дейін жеткілікті ғылыми негізделмеген. Бұл тақырыпты таңдауды, оның ғылыми жаңалығы мен практиалық маңыздылығын айқындайды.

Диссертациялық зерттеудің мақсаты — постиндустриалды инклюзивті экономикалық өсуді қамтамасыз етудегі олардың рөлін арттыруға бағытталған ұлттық инновациялық жүйенің комплементарлы факторы ретінде Қазақстанның креативті индустрияларын дамыту мен қолдаудың теориялық-әдіснамалық ережелерін және практикалық механизмдерін әзірлеу болып табылады.

Зерттеу міндеттері. Қойылған мақсатқа жету жүргізілген зерттеудің негізгі кезеңдерін көрсететін келесі міндеттерді логикалық жүйелілікпен шешу қажеттілігін айқындады. Сонымен, негізгі міндеттерге мыналар жатады:

- тұжырымдамалардың генезисін және категориялық қаңқасын нақтылай отырып, креативті экономикаға гносеологиялық талдау жүргізу;
- заманауи экономикадағы креативті индустриялардың мәндік сипаттамалары мен типологиялау критерийлерін нақтылау;
- постиндустриалды инклюзивті экономикалық өсу жағдайында олардың комплементарлығы мен конвергенциясы заңдылықтарын айқындай отырып, ұлттық инновациялық жүйедегі (ҰИЖ) креативті индустриялардың рөлін негіздеу;
- ҰИЖ-дегі креативті индустрияларды дамыту механизмі ретінде кластерлік тәсілді зерттеу;
- постиндустриалды инклюзивті даму жағдайында креативті индустриялардың жұмыс істеуінің әлемдік тәжірибесін жинақтау;
- Қазақстандағы креативті экономиканың жұмыс істеуін институционалдық қамтамасыз етуді жүйелеу;
- Қазақстандағы креативті индустрияларды дамыту профильдері мен векторларына құрылымдық-динамикалық талдау жүргізу;
- креативті индустриялар кластерлерінің қалыптасуы мен дамуындағы этно-тарихи, мәдени-символдық және инновациялық-технологиялық

факторлардың рөлін белгілей отырып, олардың өңірлік бөліністе қалыптасу процестерін зерттеу;

– Қазақстандағы экономикалық белсенділіктің жас ерекшелігі инклюзиясы мүмкіндіктері контекстінде креативті индустрияларды дамыту әлеуетін зерттеу;

– Қазақстандағы креативті секторды ұлттық инновациялық жүйе контурына инклюзиялаудың институционалдық механизмін әзірлеу;

– кластерлік ұйымдастыру нысандарын ынталандыру құралдарын қоса алғанда, Қазақстандағы креативті индустрияларды қолдаудың қаржылық-экономикалық механизмін негіздеу және жаңғырту;

– іске асыру механизмдерін және тиімділікті қамтамасыз ету құралдарын айқындай отырып, жас ерекшелігі инклюзиясы негізінде ұлттық инновациялық жүйе контурында Қазақстанның креативті индустрияларын дамытудың және оларды кластерлеудің интеграциялық моделін әзірлеу.

Зерттеу нысаны – постиндустриалды инклюзивті экономикалық өсу жағдайында жұмыс істейтін және ұлттық инновациялық жүйенің элементтерімен өзара әрекеттесетін ұлттық экономика секторы ретіндегі Қазақстанның креативті индустриялары.

Зерттеу пәні – Қазақстанның креативті индустрияларының ұлттық инновациялық жүйемен комплементарлығы мен конвергенциясын және олардың постиндустриалды инклюзивті экономикалық өсуге қосқан үлесін айқындайтын экономикалық, институционалдық және кластерлік қатынастар, сондай-ақ оларды дамыту механизмдері.

Диссертациялық зерттеудің ғылыми жаңалығы. Ғылыми жаңалықты камтитын ең елеулі нәтижелерге мыналар жатады:

1) Креативті экономиканың теориялық-әдіснамалық ережелері дамытылды, оның категориялық қаңқасы нақтыланды және постиндустриалды инклюзивті даму факторы әрі олардың ҰИЖ-мен комплементарлы өзара әрекеттесуінің алғышарты ретінде креативті индустриялардың гносеологиялық интерпретациясы негізделді.

2) Креативті индустриялардың мәндік сипаттамалары нақтыланды, олардың авторлық анықтамасы тұжырымдалды және құн құру механизмдеріндегі, креативті капитал құрылымындағы әрі олардың жұмыс істеуінің институционалдық шарттарындағы айырмашылықтарды ескеретін типологиясы жүйеленді.

3) Ұлттық инновациялық жүйенің комплементарлы элементі ретіндегі креативті индустриялар оның элементтерінің конвергентті өзара әрекеттесу механизмдерін жүзеге асыра отырып, постиндустриалды экономикалық өсудің көпөлшемді инклюзивті әсерлерін қалыптастыратыны дәлелденді, бұл ретте тұрақты тәуелділік байқалады: өндірістің креативтілік дәрежесінің артуы оның инклюзивтілігінің күшеюіне алып келеді.

4) ҰИЖ-дегі креативті индустрияларды дамытудың кластерлік тәсілі оларды кеңістіктік интеграциялау механизмі ретінде негізделді, оның негізінде креативті кластерлерді типологиялаудың екі деңгейлі тәсілі әзірленді, ол салалық құрылымды көрсететін құрылымдық-функционалдық типологияны

және кластерлердің аумақтық ұйымдастырылу нысандарын сипаттайтын кеңістіктік-функционалдық типологияны қамтиды. Әлемдік тәжірибені талдау негізінде мемлекеттің рөлі, институционалдық механизмдері және ҰИЖ-ге интеграциялану дәрежесі бойынша ерекшеленетін креативті индустрияларды дамытудың тұрақты үлгілері бөліп көрсетілді.

5) Қазақстан Республикасындағы креативті экономиканы институционалдық қамтамасыз ету оның қалыптасу кезеңдерін бөле отырып жүйеленді, бұл реттеудің фрагменттілігімен, жіктеу құралдарының селективтілігімен және қолдау субъектілері мен механизмдерінің келісілмеуімен айқындалатын институционалдық шектеулерді, «шұңқырлар» мен «тұзақтарды» анықтауға мүмкіндік берді; институционалдық олқылықтардың авторлық типологиясы әзірленді және оларды еңсеру бағыттары, соның ішінде Креативті индустрияларға жататын қызмет түрлерінің тізбесін кеңейту, сондай-ақ жұмыспен қамтудың икемді және цифрлық нысандарын ескере отырып, креативті қызмет субъектілерін сәйкестендіру критерийлерін жетілдіру негізделді.

6) Қазақстан Республикасының креативті индустрияларына құрылымдық-динамикалық талдау жүргізілді, бұл олардың құрылымдық профильдерін, даму векторларын және жүйелік диспропорцияларын анықтауға мүмкіндік берді; Қазақстанда қалыптасып келе жатқан креативті кластерлердің кеңістіктік-функционалдық типтері анықталды және этно-тарихи, мәдени-символдық әрі инновациялық-технологиялық факторларды ескере отырып, оларды позициялаудың векторлық моделі қалыптастырылды.

7) Қазақстандағы креативті индустрияларды дамытудың жүйелік факторы ретінде әртүрлі жас топтарының адами әлеуетін іске асыруды қамтамасыз ететін және институционалдық шарттардың экономикалық нәтижелерге әсеріне дәнекер болатын жас ерекшелігі инклюзиясының рөлі құрылымдық эконометрикалық моделдеу негізінде негізделді және эмпирикалық түрде дәлелденді.

8) Постиндустриалды инклюзивті өсу үшін жағдайларды қалыптастыруды қамтамасыз ететін, институционалдық және қаржылық-экономикалық механизмдерді, сондай-ақ креативті капиталдың өмірлік циклі тұжырымдамасына және жас ерекшелігі инклюзиясы механизмдеріне негізделген оларды дамыту мен кластерлеу моделін қамтитын ҰИЖ контурында Қазақстанның креативті индустрияларын дамыту мен қолдау механизмдерінің интеграцияланған жүйесі әзірленді.

Диссертациялық зерттеудің қорғауға ұсынылатын негізгі ережелері. Жүргізілген зерттеу нәтижесінде автор әзірлеген келесі ережелер қорғауға ұсынылады:

1) Креативті индустриялар – постиндустриалды инклюзивті даму факторы туралы ереже, бұған сәйкес креативті индустриялар құнның материалдық емес нысандарын, білім мен креативті капиталды құруға және пайдалануға негізделген экономика сегментін білдіреді. Оларды гносеологиялық тұрғыдан пайымдау креативті экономикаға қатысты ғылыми тәсілдердің эволюциясын ашуға, категориялық қаңқаны нақтылауға және креативті индустрияларды

ұлттық инновациялық жүйе контурына енгізу алғышарттарын негіздеуге мүмкіндік береді.

2) Креативті индустриялардың мәндік табиғаты мен типологиялық дифференциациясы туралы ереже, бұған сәйкес креативті индустрияларға адами, креативті және символдар капиталын интеграциялауға негізделген, басым бөлігі материалдық емес қосылған құны бар өнімдерді құруды және коммерцияландыруды қамтамасыз ететін экономикалық қызмет түрлерінің жиынтығы ретіндегі авторлық анықтама ұсынылған. Қолданыстағы тәсілдерден айырмашылығы, креативті индустриялар құрылымдық әртүрлілігі бар экономиканың гибридті сегменті ретінде қарастырылады, ол үшін креативті өнімді ұдайы өндіру механизмдеріндегі айырмашылықтарды көрсететін авторлық типология (мәдени-тарихи, көркемдік-орындаушылық, медиа- және контенттік, технологиялық түрлері) әзірленді.

3) Әзірленген авторлық модель шеңберіндегі креативті индустриялардың ҰИЖ-дегі комплементарлығы мен конвергенциясы туралы ереже, бұл ретте креативті индустриялардың сипаттамалары (цифрландыру, платформалылық, дербестеу, құнның материалдық емес табиғаты, өзара әрекеттесудің желілік сипаты және т.б.) ҰИЖ ортасында жүзеге асырыла отырып, сараланған инклюзивті әсерлерді қалыптастыратын конвергентті процестерге түрленетіні ескеріледі. Бұл ретте өндірістің креативтілік дәрежесінің өсуіне қарай оның инклюзивтілігі тенденциялары күшейеді, бұл креативті индустрияларды әртүрлі субъектілер мен әлеуметтік топтардың экономикалық қызметке қатысуын кеңейту факторы ретінде қарастыруға мүмкіндік береді.

4) Креативті индустриялардың салалық құрылымы мен оларды аумақтық ұйымдастыру нысандарының түйіндесуін көрсететін, креативті кластерлерді креативті өнімді генерациялаудың, трансферттеудің және коммерцияландырудың кеңістіктік-институционалдық экожүйелері ретінде қарастыруға мүмкіндік беретін авторлық екі деңгейлі типологиялауға (құрылымдық-функционалдық және кеңістіктік-функционалдық) негізделген креативті индустрияларды кластерлеудің ұлттық инновациялық жүйедегі оларды дамыту механизмі ретіндегі ережесі, бұл ретте әлемдік тәжірибеге жүргізілген салыстырмалы талдау креативті экожүйелердің нәтижелілігі олардың жұмыс істеуінің институционалдық, мәдени және инновациялық механизмдерінің келісілу дәрежесімен айқындалатынын көрсетеді.

5) Қазақстан Республикасының креативті экономикасын институционалдық қамтамасыз етудің фрагменттілігі және оның институционалдық алшақтықтарды қайта өндірумен, салалық оқшауланумен, мемлекеттік қолдау шараларының келісілмеуімен және креативті қызмет субъектілерін қамтудың толық еместігімен байланысты жүйелік шектеулігі туралы ереже, бұл сектордың тұтас институционалдық дизайнына өту қажеттілігін айқындайды.

6) Көрсеткіштердің интегралдық жүйесін пайдалана отырып және корреляциялық-регрессиялық талдаумен толықтырылған құрылымдық теңгерімсіздіктерді формализацияланған бағалау негізінде (2017–2024 жж. деректері бойынша) эмпирикалық верификациядан өткен Қазақстанның креативті секторының сапалық әртүрлілігі, оның экстенсивті-қуып жетуші және

асимметриялы дамуы, екі контурлы құрылымның (тар жоғары өнімді цифрлық сегмент және кең төмен өнімді дәстүрлі сектор) қалыптасуы, жоғары өңірлік шоғырлануы, кәсіпкерлік белсенділік пен инвестициялық қамтамасыз етудің фрагменттелуі туралы ереже.

7) Этно-тарихи, мәдени-символдық және инновациялық-технологиялық факторлардың өзара әрекеттесуімен айқындалатын, кластерге дейінгі, өтпелі және жоғары институционализацияланған нысандардың қатар өмір сүруінен көрінетін, сондай-ақ өңірлердің жоғары мәдени әлеуеті мен оны институционалдық әрі технологиялық іске асыру деңгейі арасындағы сәйкессіздікпен сүйемелденетін Қазақстандағы креативті кластерлерді қалыптастырудың кеңістіктік сараланған сипаты туралы ереже; бұл дамыған кластерлердің мегаполистерде шоғырлануына және өңірлерде іске асырылмаған әлеуеттің сақталуына алып келеді.

8) Жас ерекшелігі инклюзиясының креативті индустрияларды дамытудың жүйелік факторы ретіндегі ережесі әртүрлі жас топтарын креативті секторға тарту адами капитал базасын кеңейтуді қамтамасыз ететіндігінде, ал оның экономикалық нәтижелерге әсері жанама сипатқа ие болып, адами әлеуетті қалыптастыру және пайдалану механизмдері арқылы жүзеге асатындығында келеді; бұл жас құрылымының және ұрпақтараралық өзара әрекеттестіктің маңыздылығын айқындаған құрылымдық эконометрикалық моделдеу нәтижелерімен дәлелденді.

9) Институционалдық және қаржылық-экономикалық механизмдер жүйесін қалыптастыруды талап етеді дегенге негізделген креативті индустрияларды дамыту мен қолдау механизмдерінің интеграцияланған жүйесі туралы ереже; бұл жүйе креативті капиталдың өмірлік циклі моделіне және жас ерекшелігі инклюзиясы механизмдеріне сүйене отырып, ҰИЖ контурында даму факторларының келісілуін және постиндустриалды инклюзивті өсу үшін жағдайлардың қалыптасуын қамтамасыз етеді.

Диссертациялық зерттеудің теориялық маңыздылығы постиндустриалды инклюзивті даму жағдайында ұлттық инновациялық жүйенің комплементарлы факторы ретіндегі креативті экономика мен креативті индустриялар туралы ғылыми түсініктерді дамытуда және нақтылауда жатады. Жұмыста креативті экономикаға гносеологиялық талдау тереңдетілді, оның категориялық қаңқасы нақтыланды және креативті индустриялардың ұлттық инновациялық жүйенің элементтерімен өзара әрекеттесуін талдауға арналған теориялық-әдіснамалық тәсілдер кеңейтілді. Алынған нәтижелер инновациялық даму теориясын, кластерлік теорияны және инклюзивті экономикалық өсу тұжырымдамасын дамытуға үлес қосады, сондай-ақ креативті секторды одан әрі пәнаралық зерттеулер үшін негіз қалыптастырады.

Зерттеудің практикалық маңыздылығы оның нәтижелерін Қазақстан Республикасында креативті индустрияларды дамыту және оларды кластерлеу саясатын қалыптастыру мен іске асыру кезінде мемлекеттік басқару органдарының, даму институттарының және жергілікті атқарушы органдардың қызметінде қолдану мүмкіндігінде жатады. Ұсынылған институционалдық және қаржылық-экономикалық механизмдерді, сондай-ақ интеграциялық

модельді ұлттық инновациялық жүйені дамытуға және инклюзивті экономикалық өсуді қамтамасыз етуге бағытталған стратегиялық әрі бағдарламалық құжаттарды өзектендіру кезінде пайдалануға болады.

Зерттеу нәтижелерін креативті индустрияларды қолдаудың өңірлік бағдарламаларын әзірлеуде, креативті кластерлерді қалыптастыруда және экономикалық белсенділікке әртүрлі жас топтарының қатысуын кеңейтуде қолдануға болады. Диссертация материалдарын білім беру процесінде және креативті секторды дамытуға тартылған мамандардың біліктілігін арттыру жүйесінде пайдалануға болады. Диссертациялық зерттеудің теориялық-әдіснамалық және ақпараттық негізін отандық және шетелдік ғалым-экономистердің еңбектері; ҚР заңнамалық және өзге де нормативтік құқықтық актілері; мерзімді экономикалық басылымдардың материалдары; ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының статистикалық және талдамалық деректері; мамандардың талдамалық материалдары мен сараптамалық бағалаулары; зерттелетін мәселе бойынша Интернет желісінің ақпараттық ресурстары құрады.

Жұмыстың теориялық және әдіснамалық базасы. Теориялық бөлімде позитивті, нормативті, салыстырмалы және жүйелік талдау, синтез, жинақтау мен абстракциялау әдістері, сондай-ақ жіктеу, типологиялау және стратегиялық талдау (SWOT) әдістері қолданылды. VOSviewer бағдарламасын пайдалану арқылы библиометрикалық талдау жүргізу ғылыми өрістің құрылымын, тақырыптық кластерлерді және зерттеулер серпінін анықтауға мүмкіндік берді. Эмпирикалық бөлімде экономикалық-математикалық, статистикалық және социологиялық әдістер кешені пайдаланылды: кестелік және графикалық әдістер, абсолюттік, салыстырмалы және орташа шамаларды талдау, динамика қатарларын талдау, құрылымдық-үлестік және құрылымдық-динамикалық талдау, салыстырмалы, корреляциялық және кластерлік талдау, өзара байланыстарды талдау мен индекстік әдіс. Социологиялық құралдар анкеталық және сараптамалық сурауды, сапалық талдау элементтерін қамтыды. Деректерді талдау үшін құрылымдық теңдеулермен моделдеуге арналған жартылай ең кіші квадраттар әдісі (PLS-SEM) қолданылды.

Зерттеу нәтижелерінің жариялануы. Диссертациялық жұмыстың тақырыбы бойынша автор 11 мақала жариялады, оның ішінде 1 мақала «Scopus» деректер базасына кіретін халықаралық ғылыми басылымда («Sustainability (Switzerland)» журналында – Q1, 88 процентиль), 3 мақала ҚР ҒЖБМ ҒЖБҚСӨК ұсынған басылымдар тізбесіне кіретін журналдарда, 2 мақала рецензияланатын шетелдік журналдарда, 5 мақала шетелдік және отандық халықаралық ғылыми-практикалық конференциялар материалдарында жарық көрді.

Негізгі еңбектер:

1. Khussainova, Z.; **Kankulov, M.**; Petrova, M.; Assanova, M.; Zhartay, Z.; Atabayeva, A.; Bektleyeva, D. The Potential of Youth and Older People’s Inclusion in the Sustainable Development of the Creative Economy // Sustainability. - 2024. - 16(10). – 4095.

2. Assanova M.K., Khussainova Zh.S., **Kankulov M.K.,** Zhartay Zh.M.,

Bektleyeva D.Ye. The potential of youth and older people's participation in the development of creative industries in Kazakhstan and the directions of its activation // Вестник Карагандинского Университета. Серия Экономика. – 2024. - № 3 (115). – С. 6-21

3. Хусаинова Ж.С., Асанова М.К., Бектлеева Д.Е., Абауова Г.М., **Канкулов М.К.** Концептуальные параметры креативной экономики и ее категориальная канва // Вестник Карагандинского Университета. Серия Экономика. – 2022. - № 3 (107). – С. 281-296.

4. Khussainova Zh.S., Assanova M.K., Bektleyeva D.E., Abauova G.M., **Kankulov M.K.** Conceptual approaches to the formation and development of creative industries in an inclusive economy // Bulletin of the Karaganda University. «Economy» series. – 2023. - № 1 (109). – P. 75-88.

5. Хусаинова Ж.С., Асанова М.К., **Канкулов М.К.** Реперные точки воздействия потенциала молодежи на диапазон креативных индустрий // Issues of development of modern science and technology: Collection of articles XXV International Scientific and Practical Conference. – Melbourne: ICSRD «Scientific View». – 2023. – С. 122-127.

6. Хусаинова Ж.С., Асанова М.К., **Канкулов М.К.** Типологизация видов креативных индустрий // Пути повышения эффективности управленческой деятельности органов государственной власти в контексте социально-экономического развития территорий: материалы VII Международной науч.-практ. конф. ФГБОУ ВО «ДОНАУИГС». – Донецк: ДОНАУИГС, 2023. – С. 83-88.

7. Асанова М.К., Абауова Г.М., **Канкулов М.К.** Государственное обеспечение формирования креативных индустрий // Актуальные проблемы глобальной экономики. Материалы XXV Международной научной конференции молодых ученых. Москва: Издательство: Российский университет дружбы народов им. П. Лумумбы, 2023. – С. 101-104.

8. Khussainova Zh.S., Asanova M.K., **Kankulov M.K.** Stimulating the development of creative industries by harnessing the creative potential of young people // Synergy of science and business in the post-war restoration of Kherson region : Proceedings of the International scientific-practical conference. – In 2 vols.; Vol. 2 / edited by O. V. Chepeliuk. – Odesa : , 2023. - P. 399-404.

9. Асанова М.К., Абауова Г.М., **Канкулов М.К.** Факторы типовой направленности креативных индустрий // Проблемы устойчивого развития регионов Республики Беларусь и сопредельных стран : сб. статей XII Междунар. науч.-практ. конф./ под ред. Н. В. Маковской. – Могилев : МГУ имени А. А. Кулешова, 2024. – С. 51-54.

10. Хусаинова Ж.С., Бектлеева Д. Е., Абауова Г.М., Асанова М.К., **Канкулов М.К.** Институциональное обеспечение функционирования креативной экономики в Казахстане // Экономика и предпринимательство. – 2023. – № 8(157). – С. 96-102.

11. Хусаинова Ж.С., Бектлеева Д. Е., Абауова Г.М., Асанова М.К., **Канкулов М.К.** Методологические подходы к функционированию креативных

кластеров в развитой рыночной среде // Экономика и предпринимательство. – 2023. – № 4(153). – С. 508-515.

Зерттеу нәтижелерін апробациялау. Диссертациялық зерттеудің негізгі ережелері ашық басылымдарда апробациядан өтті, халықаралық және республикалық ғылыми-практикалық конференцияларда баяндалды.

Диссертациялық жұмыстың құрылымы мен көлемі. Диссертацияның құрылымы кіріспеден, үш тараудан, қорытындыдан, пайдаланылған дереккөздер тізімінен және қосымшалардан тұрады. Диссертацияда 48 кесте, 48 сурет, 6 қосымша және 201 атауды қамтитын пайдаланылған дереккөздер тізімі бар.

Докторант **Канкулов М.К.**